

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 14 желтоқсан N 1638

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы жылын мерекелеуге байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасына 2001 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарын материалдық ынталандыру үшін 12000000 (он екі

миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.